

**ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы  
Менгеруші жанындағы кеңестін**

**№1 хаттамасы**

**Мерзімі: 04.09.2024ж**

**Қатысқандар:13**

**Тақырыбы:Балалардың балабақшаға бейімделу процесі**

**Мақсаты:** Баланың мектепке дейінгі ұйымға келіп түсуі-олардың өміріндегі маңызын анықтау

**Күн тәртібінде :**

**1 Балалардың өткен оқу жылындағы бейімделуінің нәтижесі**

**2 МДҰ-да балаларды бейімдеу.Баяндама**

**3. Балабақшаға балалардың бейімделу жоспарын құру**

**1 мәселе бойынша Тыңдалды : Әдіскер: Құттыбек Н.Н**

Жаңа келген балалардың 75% еш қиындықсыз бейімделу кезеңінен өтті, балалар балабақша жағдайына 1-3 ай аралығында тиімді бейімделді. Оқу жылының ортасына қарай барлық жас ерекшелігіне сай топтарда бейімделудің қиын түрлері болмады. Балалардың 15 %бейімделудің ортаңғы деңгейінде болды.

Себебі:

- балалардың денсаулықтары әлсіреген;
- балалардың балабақшаға дайындықсыз келуі. Ата-аналар балаларына жастарына сай әрекеттерді үйретпеген;
- балалардың бейімделу ерекшеліктерін ата-аналардың білмеуі.

Оқу жылының соңында барлық балалар балабақша жағдайына бейімделді.

**Басыңқы бағыттар:** 2024-2025 оқу жылында балаларды толыққанды сауықтыруға бағытталған мектепке дейінгі мекемеде жүйелі мақсатты бағытталған рационалды жұмыс жоспарлануда деп есеп берді.

**2 мәселе бойынша Тыңдалды Менгеруші Отенбаева Т.Н**

Баланың мектепке дейінгі ұйымға келіп түсуі-олардың өміріндегі маңызды кезең, ол үйреншікті жағдайдың, күн режимінің өзгеруімен сипатталады. Сондықтан ол жаңа іс-әрекетер жағдайларына икемделуге және бейімделуге тиіс.

Бейімделу-ағзаның түрлі:физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық деңгейлерде орын алатын жаңа жағдайға икемделу үдерісі.

Ағзаның әлеуметтік өмір сүрудің жаңа жағдайларына көндігуі, бала мінез-құлқының өзгеруімен, ұйқысының, тәбетінің бұзылуымен қоса жүреді.

Неғұрлым күрделі қайта құрылу бейімделудің бастапқы кезеңінде орын алады. Бейімделу созылып кетуі және бейімделуге ауысуы, сондай-ақ бұл

бала денсаулығының, мінез-құлқы мен психикасының бұзылуына әкелуі мүмкін. Баланың МДҰ-да бейімделу үдерісі жүреді және ағзаның физиологиялық бұзылуын қоздыруы мүмкін.

Дәрігерлер мен психологтар бейімделу кезеңінің 3 сатысын бөліп қарайды, деп жеке жеке тоқталып өтті.

**3 мәселе бойынша тыңдалды әдіскер: Құттыбек Н.Н**

«Жаңа келгендерді» МДҰ-да күн ұзаққа қалдыруға болмайды. Алғашқы 7-10 күнде бала 3 сағатқа қалады, содан соң қалу уақыты біртіндеп ұзартыла бастайды. Ата-аналардың тәрбиешісімен байланысы үлкен мәнге ие. Ата-аналар тәрбиешіге бала дамуының ерекшеліктері, зиянды әдеттері, ұйқысы, тәбеті, сүйікті тағамы, ойыншығы т.б. туралы айтулары тиіс.

Тәрбиеші балаға дос, ата-аналарға кеңесші болғаны жөн. Өйткені дәл сол бейімделу кезінде балалар жылылыққа және жанашырлыққа зәру болады дей келе жаңа оқу жылының бейімделу жоспарын ұсында.

**Шешім:** балаларды толыққанды сауықтыруға бағытталған мектепке дейінгі мекемеде жүйелі мақсаттыбағытталған рационалды жұмыс жоспарлансын

**Төрайым:**



**Отенбаева Т.Н**

**Хатшы:**

**Құттыбек Н.Н**

# **ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы**

## **Менгеруші жанындағы кеңестін**

### **№2 хаттамасы**

**Тақырыбы:** Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.

1. Педагогтердің күн тәртібін сақтау жөніндегі жұмыс деңгейі, серуенді бақылау

**Қатысқандар: 13**

**Мерзімі: 14.10.2024ж**

**Мақсаты:** Вариативтік компоненттің маңызын анықтау

#### **Күн тәртібінде :**

- 1 Психолог маманының жыл бойы жүргізілген жұмыстарының талдауы**
- 2 Балабақшада вариативтік компоненттердің өту барысы**

#### **Тыңдалды: Логопед Сейдалиева С.С**

Логопед қызметтің мақсаты бөбекжай балаларының толыққанды психологиялық дамуы үшін жағдай жасау. Ол үшін әрбір баланың жан-жақты дамуы, бөбекжайдың тәрбиелеу-білім беру үрдісінің сапасын арттыру, педагогтың психологиялық құзыреттілігін арттару үшін жағдайлар жасалған. Логопед қызмет жұмысы екі негізгі бағытқа – өзекті және перспективалық бағытқа бөлінген.

Өзекті бағыт-мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қандай да бір қиындықтарымен байланысты маңызды мәселерді шешуге бағытталған.

Перспективалық бағыт-әрбір баланың жеке қалыптасуына, дамуына, оның мектепке психологиялық дайындығының қалыптасуына жұмылдырылған.

Логопед педагогикалық ұйымның қызметіне негізгі психологиялық идеяны – әр бала тұлғасының үйлесімді даму мүмкіндігін енгізіп, оның тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асуына ықпал етті. Бөбекжай психологиялық қызметінің негізгі міндеті балалардың дауы, психологиялық қолдау көмегін көрсету үшін психологиялық жағдай жасау болып табылды.

Бөбекжай логопед қызметінің негізгі бағыттары психология мен педагогиканың тіл кемшілігін, оны жою мен оның алдын алудың әдістері мен қағидаларын зерттейтін саласы. Бала тілінде болатын кемістіктерді зерттеп, оны жоюдың жолдарын іздестіретін арнайы педагогика тарауының бірі.

Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен толыққанды дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. Зерттеулер жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы, бала тұлғасына білім беру ортасына әсері

нәтижелерінің диагностикасына негізделген. Диагностикалық зерттеулер қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзетуші-дамытушы жұмыстар жүргізілгеннен кейін де өткізілді.

## **2мәселе бойынша тыңдалды әдіскер Амангелді Қ.Н**

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген. Халқымыз «Қисық біткен талды жастайынан түземесе, буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық болып тұрады» деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты бүгінгі бүлдіршіндерді жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуде балабақша қызметкерлерінің жауапкершілігін де арттыра түсуде. Себебі біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бүкіл зиялы қауымның, бүкіл қоғам шұғылданатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды ұтымды ұйымдастыру үшін балабақшада ұлттық этнопедагогика бағыты бойынша арнайы бағдарлама негізінде жұмыс жасамаймыз. Бағдарламаны құрастыру жаңа білім парадигмасына сәйкес төмендегідей қажеттіліктерден туындап отыр:

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім және мектепалды даярлықтың нәтижеге қайта бағдарлануы;

Мемлекеттік жалпыға міндеті білім беру стандартына сәйкес білімнің практикалыққұндылығын қамтамасыз ету.

Өмірлік білім моделінен өмір бойғы білім моделіне сәйкес білім беру;

Баланың қандай да бір саладағы білім мен тәжірибесімен және оларды нақты бір жағдайда соған сай қолдана білу біліктілігімен байланысты қасиеті-күзіндеттілігін қалыптастыру.

Сол себепті алға қойылып отырған мақсат:

«Кішкентай бүлдіршіндердің жасын, жеке ерекшеліктерін, психологиялық процестерін ескере отырып, ұлттық құндылыққа негізделген, қоғамдағы жағымды қатынастарға қабілетті, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу»

**Шешім:** Әр баланың қабілетіне қарай жеке дара вариатив бойынша жұмыстар жүргізілсін.

**Төрайым:**



**Куттыбек Н.Н**

**Хатшы:**

**Амангелді Қ.Н**

# **ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы**

## **Менгеруші жанындағы кеңестін**

### **№3 хаттамасы**

**Қатысушылар саны: 30**

**Мерзімі: 12.11.2024ж**

1. **Тақырыбы:** Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.  
Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулық.

### **Күн тәртібінде:**

1. Жылыту маусымына дайындық
2. Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы
3. «Күз берекесі» ертеңгіліктерінің сценарийін бекіту.

Перспективалық жоспарларын бекіту.

*Тыңдалды:*

**1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе** жылыту маусымына дайындық жұмыстары бойынша бөбекжай- бақшаның шаруашылық меңгерушісі Конакбаева К тыңдалды. Ол өз сөзінде бөбекжай- бақшаның жылыту жүйесіндегі ақауларды анықтау мақсатында комиссия мүшелері құрылғандығын айтты. Тексеру нәтижесінде жылы су және жылыту жүйесі құбырларында, қазандық, сорғыда ақаулар анықталып, оны жою барысында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ретке келтіргендігін айтты. Сонымен қатар, шаруашылық меңгерушісі өз сөзінде бөбекжай бақшаның жылыту жүйесін жөндеу,сығымдау жұмыстарын мердігер ЖШС «Ақбота-Ару» бб мекемесі жүргізгендігін айтты.

Жылыту маусымына дайындық деңгейін тексеру мақсатында бөбеюкай-бақшада комиссия мүшелері құрылғанын айтып, олармен таныстырып өтті:

Комиссия төрайымы: Балабақша меңгерушісі: Құттыбек Н.Н

Комиссия мүшелері: Шар.меңгерушісі: Қонақбаева К.К

Әдіскер: Амангелді Қ.Н

Медбике : Жузжасарова Н.У

Барлық комиссия мүшелері ғимараттың ішкі жылыту жүйесінде ешқандай ақаулар мен кемшіліктер орын алмағанын айтып, бөбекжай бақшаның жылыту жүйесі жылыту маусымына толық дайын- деп қорытынды жасағандығын айтты.

Тыңдалды:

**Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша** балабақшаның медбикесі Жузжасарова Н.У тыңдалып, қазіргі елдегі болып жатқан жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысымен таныстырып өтті. Күнделікті таңғы жаттығу бөбекжай- бақшада дене шынықтыру нұсқаушысы және тәрбиешінің жетекшілігімен күнделікті өз уақытында жүргізіліп отыратындығын айтты. Медбике өз сөзінде таңертеңгілік жаттығу балалардың дені сау, күні бойы сергек және көңілді жүруіне ықпал ететіндігін жеткізді.

Таңертеңгі жаттығу жылдың жылы мезгілдерінде алаңда, ал суық кездерде дене шынықтыру залында өткізілетінін айтып өтті. Сонымен қатар, медбике балалармен күнделікті жұмыс процесінде олардың жеке гигиена ережелерін (қолдарын жуу, көбік шықанша сабындау және құргата сүрту, жеке орамал, ауыз шаятын стақанды қолдану) дұрыс орындауын үнемі бақылап отыратындығын айтты. Барлық заттардың таза болуын қадағалап, гигиеналық- сауықтыру шаралары күнделікті өз деңгейінде жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Тындалды:

**3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі** Топ тәрбиешілері балабақшада өткізілегін «Берекелі алтын күз» атты ертеңгіліктердің кестесімен таныстырып, сценарийлерін бекітіп берді. Ертеңгіліктер кестеге сәйкес, өз деңгейінде өткізілуін тапсырды.

**Қаулы :**

1. Бөбекжайы бақшаның жылыту жүйесі 2024-2025 жылдың күзгі қысқы жылыту маусымына толық дайын деп танылсын.
2. Топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысының нәтижесі қанағаттанарлы деп танылсын.
3. «Берекелі алтын күз» ертеңгілігі сценарийлері қанағаттарлы- деп танылып, кестеге сай өткізілсін.

## Төрайым:



**Құттыбек Н.Н**

**Хатшы:**

Byap

**Амангелді Қ.Н**

## **ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы**

### **Меңгеруші жанындағы кеңестің**

#### **№4 Хаттамасы.**

**20.12.2024 жыл.**

**Қатысқандар – 13.**

**Тақырыбы: Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі**

#### **Күн тәртібі.**

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талқылау.
3. Балалардың денсаулығымен өмірін қорғау ережелерінің талаптарын орындау.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Құттыбек Н.Н сөз алды. Өз сөзінде өткен кеңестің шешімінің орыдалуы жөнінде жан жақты тоқталып өтті. «Тіл» мерекесіне арналған іс-шарасы жоғарғы деңгейде, белгіленген күні өткізілді. Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйектің үші күні өтті. Ата-аналар түгел қатысты. Ата-аналар меңгерушіге өз ойларындағы жүрген сұрақтарды қойып жауабын алды. Осы мерекелерді талқылау жөнінде әрі қарай әдіскер жалғастырады.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Амангелді Қ.Н өз ойын білдірді. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелері жоғарғы деңгейде өтті деуге болады. Бұл мерекені балалар жақсы көреді және қуанады. Өйткені сыйлықтар алады. Маған ұнағаны билері, киімдері керемет болды. Видиоға түсіріп ата-аналар чатына жіберілді. Ата-аналарда балаларының қуанышын көріп риза болды. Жақсы деген баға беруге болады.

Сөйлеген: Тәрбиеші: Даутова Ж.Ю былай деді Барлық топ екі мерекеніде жақсы өткізді. Сахнаны тақырыпқа сай безендірілген. Маған ұнағаны «Тәуелсіздік күніне» арналған көріністері , киімдері, өлеңдері ұнады. Ата-аналар балаларының өнерін көріп қуанып риза болды. Жақсы пікілер айтып жатыр. Жақсы деген бағаны қолдаймын.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері: Амангелді Қ.Н жарты жылдық мониторинг жайлы былай деді. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің



диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар,

4. білім беру саласы: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру дағдылары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылады. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асады.

Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Өз сөзінде мына мәселеге тоқталып өтті. Қойылған тапсырмаларды шешу үшін пәндік - дамытатын ортаны жабдықтауға, денсаулық сақтау технологиясын енгізуге көңіл бөлінді. Балалармен таңғы шеңбер құру, психогимнастика өткізу психологиялық ахуалдың жасауына мүмкіндік туғызды. Әр жыл мезгіліне серуен картотекасын құру серуен уақытында өткізілетін қимыл белсенділігін ұйымдастыруда жүйелі амал жасауға, түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын қолдануға көмектесті.

Тыңдалды : Медбике Жүзжасарова Н.У . Қадағалауды ұйымдастырудың айлық жоспарына педагогтардың денсаулық сақтау технологиясын қолдануды саралау қосылады: сергіту сәттерін қолданудың тиімділігі, ұйымдастырылған оқу қызметіндегі қимылдау шапшаңдығы, ұйымдастырылған оқу қызметінен жалығуды ескеруі, серуенді ұйымдастыруда балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау. т.б.

Себептері : балалармен жеке жұмыс жүргізу кезінде, нысанаға лақтыруға және секіруге жеткілікті назар аударылмайды; отбасында қозғалысты дамытуға бағытталған жұмыстардың болмауы. Тәрбиешілер балалардың мәдени-гигиеналық машықтарын тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмейді. Сондықтанда, балалардың денсаулығын нығайту, олардың денсаулықтарын сақтаудан хабардар болуын дамыту-ең басты мәселе болып қалады.

Бұл келесілермен байланысты: балалар балабақшаға әлсіз иммундық жүйемен келеді, ата-аналары оларды мектепке дейінгі мекемеге баруға даярламайды; балабақшаға келген кейбір балалардың қарапайым мәдени-гигиеналық машықтары болмайды; балалардың дене тұлғасының мақсатты

шынығыуына дамуына, отбасындағы суық тию ауруларының алдын-алуға ата-аналардың барлығы бірдей көңіл бөле бермейді; Шешім:

1. Жоғарыда мазмұндалғандарды ескере отырып, жұмыстың алдағы кезеңінде жүргізілетін.

Төрайым:



Құттыбек Н.Н

Хатшы:

Амангелді Қ.Н

## **ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы**

### **Менгеруші жанындағы кеңестін**

#### **№5 хаттамасы**

**Қатысушылар саны: 29**

**Мерзімі: 8.01.2025ж**

**Тақырыбы: Музыкалық және дене шынықтыру іс-шаралары**

**Мақсаты:** *Музыкалық және денешынықтыру іс шараларының баланың шығармашылық дамуына қосатын үлесі және биылғы жылғы іс шаралар есебін тыңдау*

#### **Күн тәртібінде :**

**Музыкалық және дене шынықтыру іс-шаралары туралы есеп**

**Тыңдалды: Әдіскер: Амангелді Қ.Н**

«Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі» деп Ахмет Жұбанов айтқандай музыкалық қызмет баланың музыкалық тәрбиесінің ең негізгі кезеңі болып табылады. Бөбекжайда жылдық жоспарға сай музыка жетекшісі ұйымдастыруымен өтілген мерекелік шаралар тәрбиеленушілерге жақсы көңіл күй сыйлады. Қыркүйек айында Білім күніне орай «Балабақшам бесігім» атты ертеңгілік өтті. Онда Білім ханшайымы қонаққа келіп, балаларды білім күнімен құттықтап, балалармен бірге қызықты тапсырмалар орындады. Тілдер мерекесі қарсаңында балалардың Мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, өзге тілге құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты мерекелік концерт болды. Онда балалар ана тілінде және өзге тілде тақпақтар айтып, би билеп, әннен шашу шашты.

Отбасы күні қарсаңына «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысы өтіп, аталарымыз немерелерімен бірге өнерлерін көрсетіп, кішкентай бүлдіршіндерге баталарын берді. отбасылық спорттық сайыс өтіп, онда сайыс ережесіне сай әртүрлі спорттық тапсырмаларды орындады.

Қазан айында өткен «Армысың, Алтын күз!» ертеңгілігінде балалар күз мезгілінің ерекшеліктерімен қатар, алтын күз сөзінің мағынасын ұқты. Қараша айында Тұңғыш президент күні қарсаңында өткен «Елін сүйген Елбасы!» атты мерекелік ертеңгілігінде балалар Елбасы туралы тақпақтар айтып, би билеп, ән салды.

Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздігімді жырлаймын!» тақырыбында тәрбиелік мерекелік шара өтті. Онда балалар тәуелсіздік туралы тақпақтармен ән мен жырдан шашу шашты.

Ана-деген ұлы сөз. Анаға баласының қуанышынан артық ештеңе де қажет емес. Наурыз айында «Ана-аса қымбат жан!» мерекелік ертеңгілік өтті. Ертеңгілікке бүлдіршіндердің аяулы аналары, мейірімді әжелері және басқа да қонақтар қатысты. Көктемнің алғашқы мерекесінде бүлдіршіндер бар өнерін аямай ортаға салды. Жыр–шумақтарымен ана-апаларын құттықтаса, бірі әннен шашу шашса, бірі билеп қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ертеңгілік соңында қонақтар ризашылығын білдіріп, көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

Балалар музыка өнеріндегі шығармашылық шабытпен, айналадағы сұлулықпен, әсемдікті сезінумен, танумен, ұлттық және түрлі халықтардың мәдениетімен танысады, сезімді эмоциональды орта мен әсемдік талғамның бастапқы шарттары қалыптасады, қазақ халқының музыкалық өнерінің құндылықтарын бағаласа, дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын ұстанып, дене бітімі қалыптасады, дені сауболады дей келе , болашағы анық ұрпақ өсіп жетіледі деді.

## Төрайым:



**Хатшы:**

Sept -

**Амангелді Қ.Н**

**ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы  
Менгеруші жанындағы кеңестін**

**№ 6 хаттамасы**

**Қатысушылар саны: 30**

**Мерзімі: 12.02.2025ж**

**Тақырыбы: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау ережелерінің талаптарының орындалуы.**

**Мақсаты: Оқу жылы бойы өткізілген жұмыстар балалардың, денсаулығын сақтау құзыреттілігі, ауру-сырқауды төмендету, олардың өмірі және денсаулықтың қорғауға әсері**

**Күн тәртібінде: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау ережелерінің талаптарының орындалуы.**

**Тыңдалды: әдіскер: Амангелді Қ.Н**

Қойылған тапсырмаларды шешу үшін пәндік - дамытатын ортаны жабдықтауға, денсаулық сақтау технологиясын енгізуге көңіл бөлінді. Балалармен таңғы шеңбер құру, психогимнастика өткізу психологиялық ахуалдың жасауына мүмкіндік туғызды. Әр жыл мезгіліне серуен картотекасын құру серуен уақытында өткізілетін қимыл белсенділігін ұйымдастыруда жүйелі амал жасауға, түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын қолдануға көмектесті.

Бөбекжайда үнемі балалардың қауіпсіздік тіршілік әрекеттерін қорғау тұрғысынан жабдықтау және оқу құралдарын сараптау жұмыстары жиі жүргізіліп отырды.

Ұйымдастыру жұмысының айлық жоспарларына педагогтардың денсаулықты сақтау технологиясын қолдану.

**Тыңдалды : Медбике: Жүзжасарова Н.У**

Қадағалауды ұйымдастырудың айлық жоспарына педагогтардың денсаулық сақтау технологиясын қолдануды саралау қосылады: сергіту сәттерін қолданудың тиімділігі, ұйымдастырылған оқу қызметіндегі қимылдау шапшаңдығы, ұйымдастырылған оқу қызметінен жалығуды ескеруі, серуенді ұйымдастыруда балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау. т.б. Осы міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстардың жағдайын талдау мақсатында, 2024 жылы қыркүйек айында «Балалардың бойында мәдени-гигиеналық машықтарды және салауатты өмір салты, күн тәртібін орындау машықтарын қалыптастыру» бойынша тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижесі мәдени-гигиеналық машықтардың және салауатты өмір салтының бөбекжай бойынша орташа алғанда, орташадан төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетті. Әсіресе, ортаңғы топтағы көрсеткіш өте төмен болды, бұл негізінен

осы топқа келген балалардың көпшілігінің ешқандай да гигиеналық машықтарының жоқ болуына байланысты орын алды. Балалардың осы машықтарының сапасына 2024 жылы сәуір айында қайта талдау жүргізу ұсынылды. Қайта жүргізілген талдау барлық жас топтарындағы балалардың машықтары мен біліктіліктерінің айтарлықтай өскендігін байқатты. Тексеріс қорытындысы бойынша айқындалған кемшіліктерді жою мақсатында, педагогтар үшін ұсынымдар әзірленді. Бөбекжайда жүргізілген тексеріс дене тәрбиесі бойынша нұсқаушының дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметін жиі өткізіп сауықтыру тиімділігін арттыруға қол жеткізгендігін көрсетті, бұл ретте дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу қызметінің жиі өтуінің балалардың қозғалыс қимылдарын орындау сапасын төмендетпейтіндігі байқалды. Балалардың бойындағы қозғалыстың жай жүріс, жүгіру, тепе-теңдік сақтау, өрмелеу сияқты түрлері бойынша машықтары жеткілікті деңгейде қалыптасқан ал, лақтыру, секіру машықтарының қалыптасу деңгейі жеткіліксіздеу. Бөбекжайда өткізілген сауықтыру жұмыстары да оң нәтиже берді. Балалардың денсаулығын нығайту бойынша сәтті жұмыс жүргізудің қажетті шарттарының бірі – осы бағытта ата-аналармен бірігіп жұмыс істеу болып қалады. Ол үшін балабақшадағы балалармен жүргізілетін сауықтыру жұмыстарының нәтижелерін ата-аналарға хабарлап отыру. «Дене тәрбиесі және баланың денсаулығы» тақырыбына ата-аналар конференциясы өткізілді, жылжымалы-папкаларға «Айболиттің кеңестері» айдарын енгізілді Аурудың алдын алу бойынша ата-аналарға «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы», «Егу не үшін қажет?» тақырыптарында ата-аналарға кеңестер берілді.

Оқу жылының 9-айы бойынша ауырып қалу жағдайларын талдау көрсеткіштің бір баланың ауырып қалуына байланысты жіберіп алған күн бойынша төмендегендігін көрсетті.

#### **Себептері:**

- балалармен жеке жұмыс жүргізу кезінде, нысанаға лақтыруға және секіруге жеткілікті назар аударылмайды;
- отбасында қозғалысты дамытуға бағытталған жұмыстардың болмауы.
- Тәрбиешілер балалардың мәдени-гигиеналық машықтарын тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Сондықтанда, балалардың денсаулығын нығайту, олардың денсаулықтарын сақтаудан хабардар болуын дамыту-ең басты мәселе болып қалады. Бұл келесілермен байланысты:

- балалар балабақшаға әлсіз иммундық жүйемен келеді, ата-аналары оларды мектепке дейінгі мекемеге баруға даярламайды;
- балабақшаға келген кейбір балалардың қарапайым мәдени-гигиеналық машықтары болмайды;

- балалардың дене тұлғасының мақсатты шынығуына дамуына, отбасындағы суық тию ауруларының алдын-алуға ата- аналардың барлығы бірдей көңіл бөле бермейді;

- балалардың СӨС дамыту нысандары мен әдістерін тұрақты жаңартып отыру және балалардың денсаулықты сақтаудан хабардар болуын анықтау үшін жаңа тәсілдерді іске асыру қажеттілігі.

**Шешім:** Жоғарыда мазмұндалғандарды ескере отырып, жұмыстың алдағы кезеңінде жүргізілетін міндеттерді белгілеу

**Төрайым:**



**Құттыбек Н.Н**

**Хатшы:**

**Амангелді Қ.Н**

## **ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы**

### **Меңгеруші жанындағы кеңестің**

#### **№ 7 Хаттамасы**

**12.03.2025 жыл**

**Қатысқандар – 13.**

**Тақырыбы: Жарты жылдықта балалардың білім сапасының деңгейі  
.Мониторинг қорытындысы.**

#### **КҮН ТӘРТІБІ .**

1.Өткен кеңестің шешеімінің орындалуы. 2. 8-наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарийін бекіту.

3. Музыкалық және дене шынықтыру іс-шаралары туралы .

4. Аудандық сайыстарға қатысу туралы.

5. «Гүлдер» әлемі . Ағаш гүлдер отырғызу.

1.Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Құттыбек Н.Н сөз алды. Өткен кеңестің ойдағыдай атқарылып жатқанына жан-жақты тоқталып өтті.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Әдіскер Амангелді Қ.Н Бала өмірінің алғашқы жылдары-оның болашағының негізі. Балабақшада бала музыканы тек меңгеріп қана қоймай, оған деген ерекше сезімталдық танытады. Сондықтан балабақшада өткізілген әрбір музыкалық іс шараларда музыкалық – шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым іскерліктері мен дағдылары көрсетілді. Бөбекжайда жылдық жоспарға сай музыка жетекшісі ұйымдастыруымен өтілген мерекелік шаралар тәрбиеленушілерге жақсы көңіл күй сыйлады. Қыркүйек айында Білім күніне орай «Балабақшам бесігім» атты ертеңгілік өтті. Онда Білім ханшайымы қонаққа келіп, балаларды білім күнімен құттықтап, балалармен бірге қызықты тапсырмалар орындады. Тілдер мерекесі қарсаңында балалардың Мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, өзге тілге құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» атты мерекелік концерт болды. Онда балалар ана тілінде және өзге тілде тақпақтар айтып, би билеп, әннен шашу шашты. Отбасы күні қарсаңына «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысы өтіп, аталарымыз немерелерімен бірге өнерлерін көрсетіп, кішкентай бүлдіршіндерге баталарын берді. отбасылық спорттық сайыс өтіп, онда сайыс ережесіне сай әртүрлі спорттық тапсырмаларды орындады. Қазан айында өткен «Армысың, Алтын күз!» ертеңгілігінде балалар күз мезгілінің ерекшеліктерімен қатар, алтын күз сөзінің мағынасын ұқты. Қараша айында Тұңғыш президент күні қарсаңында өткен «Елін сүйген Елбасы!» атты мерекелік ертеңгілігінде балалар Елбасы туралы тақпақтар айтып, би билеп, ән салды. Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздігімді жырлаймын!» тақырыбында тәрбиелік мерекелік шара өтті. Онда балалар тәуелсіздік туралы тақпақтармен ән мен жырдан шашу шашты. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында "Төрлет, құтты жаңа жыл!" атты мерекелік ертеңгілік өтті.



Шыршаны айнала би билеп, ән салған балалар Аяз атаны асыға күтіп, өз өнерлерін көрсетіп Аяз атадан сыйлықтарын алды. Ақпан айында «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» атты ересек және ортаңғы топтар арасында спорттық сайыс өтті. Сайыста балалар жол ережелерімен танысып, бағдаршам қызметімен танысса, «Шынықсын денеміз» эстафеталық жарысында шанамен сырғанап, қардан үйшіктер жасап, сайыс ережесі бойынша әртүрлі ойындар ойнады. Ана-деген ұлы сөз. Анаға баласының қуанышынан артық ештеңе де қажет емес. Наурыз айында «Ана – аса қымбат жан!» мерекелік ертеңгілік өтті.. Жыр–шумақтарымен ана-апаларын құттықтаса, бірі әннен шашу шашса, бірі билеп қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ертеңгілік соңында қонақтар ризашылығын білдіріп, көтеріңкі көңіл-күймен тарасты. Наурыз – мұсылман халқының ұлттық мерекесі. Наурызда барлық нәрсе жаңарып, күн жылынып, көктем өзімен бірге айналаға нұр, қуаныш ала келеді. Наурыз мерекесінің ерекшелігін, қадір-қасиетін ұлықтау мақсатында бөбекжайда «Наурызым-құт берекем» атты ертеңгілік өтті. Ертеңгілікте балаларға қазақ халқының салт-дәстүрінен көріністер қойылып көрсетілді. Ата аналар арасында отбасылық сайыс өтті. Наурыз көженің қалай жасалатыны, оның пайдасы туралы мәліметтер берілді. Сәуір айының соңында қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Жер шары балаларының достығы» атты мерекелік шара өтті. Онда балалар әр ұлт өкілдерінің ұлттық киімінде өнер көрсетіп, халықтар достығы балабақшадан басталатынын паш етті. Отан қорғаушылыр және Ұлы Жеңіс мерекесіне орай мамыр айында «Бейбіт елді қорғайтын ұландармыз!» атты мерекелік ертеңгілік өтіп, тәрбиешілер көрініс көрсетіп, балалар әннен шашу шашса, «Ардагерлерді ұлықтайық!» мерекелік ертеңгілігінде соғыс ардагерлеріне арнап тақпақтарын айтып, би биледі. Балалардың балабақшамен қоштасу ереңгілігі әрқашанда – үлкен мереке. Сәбилік шақтың бір белесін артта қалдырып, мектеп өмірінің жаңа бастауларына қадам басады. Осындай қайталанбас мерекелік шара, әрбір балабақша, тәрбиешілер үшін өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан да, өткізілген ертеңгілік барлығымыз үшін тек қана көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, жақсы әсерін қалдырды. Бұл мерекеде тәрбиешілеріміз қазіргі заман талабына сай барлық көрнекілік құралдарды пайдаланылды, ең бірінші өткізілген залды әсемдеп, сәндеуден басталды, сонымен қатар балалардың осы уақытқа дейінгі балабақша өміріндегі, әр түрлі суреттерін көрсету арқылы ата-аналардың көңілінен шықты. Ертеңгілігіміздің барысында түлектеріміз балабақшамен қоштасу тақпақтарын, әндерін, әдемі билерін, кірген кейіпкерлермен қарым-қатынасқа түсу, олармен ойнау барысында өзіндік тілдерінің жақсы жетілгендіктерін көрсетті. Ертеңгіліктің жалғасында балаларымызға арналған тосын сыйда болып, түлектерімізді, келген қонақтарды қуанышқа бөлеп жатты.

**3.ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгерушісі Құттыбек Н.Н балабақшаны көгалдандыру,аулаға ағаштар егу, тазалық жұмыстарын жүргізу,ағаштың түптерін ақтау, ойын алаңдарын реттеу, арықтарды тазалау жұмыстарын жүргізуді шаруа меңгерушісі мен медбикеке тапсырды.

**ШЕШІМ:** 1.Музыкалық және дене шынықтыру іс шараларына жас мамандардың үнемі қатысып отыруы қадағалансын. 2.Балабақшаны көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыру. жауаптылар: Шаруа меңгерушісі мен медбикеге тапсырды

**Төрайым:**



**Құттыбек Н.Н**

**Хатшы:**

**Амангелді Қ.Н**

**ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы  
Менгеруші жанындағы кеңестін**

**№ 8 хаттамасы**

**12.04.2025 жыл**

**Қатысқандар – 30**

**Тақырыбы: «Балабақшадағы дене шынықтыру сауықтыру, спорттық мерекелердің ұйымдастыру маңыздылығы.»**

**Күн тәртібіндегі мәселелер**

**Дөңгелек үстел**

1. №7 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің дамуын ұйымдастыру жұмыстарының түрлері

3. Күн тәртібіндегі дене жаттығулары, таңғы гимнастика, күндізгі ұйқыдан кейінгі дене жаттығулары

Тындалды:

**Бірінші мәселе бойынша** меңгеруші Құттыбек Н.Н өткен кеңестің шешімі бойынша сенсорлық тәрбиеге арналып жасалған дамыту ортасының жұмысына жақсы деген баға берді. Дамыту ортасына қойылған ойыншықтардың санитарлық гигиеналық психологиялық талапқа сай екендігін айтып өтті. Топ тәрбиешілері мен әдіскер Амангелді Қ.Н алғыс білдірді. Жарыс сөзге шыққан тәрбиешілер ата-аналардың тарапынан ризашылық сезімдерін білдірді.

**Екінші мәселе бойынша** мектеп алды дайындық тобының мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің дамуын ұйымдастыру жұмыстарының түрлерінің өте көп екендігін, осының бәрі бала денсаулығын арттыру мақсатына арналғанын айтып өтті. Өзінің жыл бойына өткізген спорттық ойындары мен түрлі ойындары туралы әріптестермен бөлісті.

**Үшінші мәселе бойынша** балабақша медбикесі сөзге шықты. Дене тәрбиесінің мақсаты баланың денсаулығын сақтау және нығайту, Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсарту, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшада бала денсаулығын нығайту

және сақтау ең бірінші кезектегі мәселе. Баланың жүйке жүйесі сыртқы ортаның әртүрлі әсеріне сезімтал келетіндіктен балалар тез шаршайды, сондықтан ұзағырақ тынығуды қажет етеді.

Демалыстың ең басты түрі ұйқы. Ұйқы кезінде адамның орталық жүйке жүйесі тынығады, сол кезде жүрек соғысы азайып, тыныс алуы баяулайды, бұлшықеттері босап, ағза толық демалады. Егер бала ұйқысы шала болса, - ағзасы толық тынықпай, баланың денсаулығына зиянын тигізеді. Күндізгі ұйқы 2-2,5 сағатқа созылуы мүмкін. Түскі ұйқы 3-5, жастағы балаларға оқу қызметі барысында берілген ақпаратты есте сақтауға көмектеседі. Жалпы бұлдіршіндер 11-13 сағаттан ұйықтау керектігін де ескертті. Балабақшада дене жаттығулары мынандай түрлерге бөлінеді: таңертеңгі жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм. Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, ең қабілеттілігі артады, балаларды тәртіптендіреді. Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Бір уақыттың ішінде бірге жүргізілген бірқалыпты қимыл қызметінде жүгіріп, секіріп, үлгеріп, алып ұшқан балалар тынышталады, ал белсенділігі төмендері белсенділенеді. Тәрбиешінің түскі ұйқыдан кейінгі сергіту гимнастикасын дұрыс таңдауы баланың дене бітіміне жайлылық және психологиялық жағымды әсер беріп, күні бойы сергек жүруіне ықпалын тигізеді. Ұйқыдан ояту кезінде 1-1,5 минут ақырын, ырғақты әуен қойып, оянуудың міндетті шарттарын сақтай отырып, баланың жәймен оянуына мүмкіндік беру керек.

Түскі ұйқыдан кейінгі жаттығулардың негізгі кезендері:

Төсектегі жаттығулар;

Ойын түріндегі жаттығулар мен массаждар; Табанға арналған төсеніш үстімен жүру.

Бала бастапқы қалыпта арқасына жатады, қолын денесінің бойымен ұзыннан созып, денесін еркін ұстап тыныштықта болады. Алдымен төсекте орындалатын қарапайым керілу жаттығуларын жасатып, содан соң «Велосипед», «Мысық», «Ит», «Кемпірқосақ», «Қайық» секілді күрделі қол

мен аяқтарын көтеру арқылы жасалатын жаттығуларға көшкен дұрыс деп ойын аяқтады.

**Шешімі:** 2024-2025 оқу жылының жаздық сауықтыру жоспары бекітілсін.

Жауапты медбике мен топ тәрбиешілері бекітілсін.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған жаздық оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің кестесі бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.

**Жиналыс төрайымы:**



**Құттыбек Н.Н**

**Жиналыс хатшысы:**

**Амангелді Н.Н**

## **Менгеруші жанындағы кеңестін**

### **№9 хаттамасы**

**Қатысушылар саны: 30**

**Мерзімі: 12.05.2025ж**

**Тақырыбы:** Өткен жиналыс қаулыларының орындалуы туралы.  
Мектепке даярлық топта қоштасу кештеріне дайындық туралы.

### **Күн тәртібінде**

- 1.Мониторинг және оны өткізу /барлық топ/
- 2.Ересек тобының қоштасу кешінің өткізілуі мен дайындығы.
3. «Балаларды қорғау күні» өткізу және ұйымдастыру.

**1. Бірінші мәселе бойынша** менгеруші сөз алды. Білім беру сапасын басқарудың оқу үрдісіндегі негізгі тетіктері: бакылау, талдау, бағалау, бағдарлау және нәтижелердің

динамикалық үрдістерін салыстыру болып табылады. Бұл үрдісте 4 оқу - тәрбие сапасына жасалатын жүйелі бағалаудың бірден - бір көзі - мониторинг. 2024-2025 оқу жылы аяқталғалы отыр, тәрбиеленушілердің тізімін жасап, мамыр айының 25 күніне дейін қорытынды мониторингті жасау керектігі айтылды.

**2. Екінші мәселе бойынша** мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері сөз алды. Жалпы «Қош бол, балабақша» атты мерекеге дайындықтары жақсы. Бітірушілер венъеткаға түсіп, дипломдар мен балабақша өміріне белсенді қатысқан ата-аналарға грамота дайындалды. Керекті костюмдер мен залды эсемдеуге арналған заттардын тізімін жазып берді. Тәрбиешілер ертеңгіліктің сценариін көрсетті. Сценарий талқыланып, бекітілді.

**3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Маюсупова М сөз алды. «Балаларды қорғау күні» өткізу және ұйымдастыру жайында. Мереке 31.05.2025 ж музыкалық сағат түрінде өтеді. Және де мерекеге балалар қуыршақ театры шоу программасы өздерінің өнерін көрсететіндігін айтты.**

**Қаулы:**

- 1.Мониторинг есептеліп өткізілсін.
- 2.Ересек топтың қоштасу мерекесін дайындығы қадағаланып сценаріі бекітілсін.
3. «Балаларды қорғау күні» мерекесі музыкалық тақырыптық сағат түрінде өткізілсін.

**Төрайым:**



**Құттыбек Н.Н**

**Хатшы:**

**Амангелді Қ.Н**